ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 24 қараша №7119-23-00-2/13161 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М. Утегенова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» ШЖҚ РМК

ЖАУАПКЕР:
Бисмильдина Рахат Досымжановна тұлғасындағы «РАХАТ» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап арызы – қанағаттандырылсын.

Бисмильдина Рахат Досымжановна тұлғасындағы «РАХАТ» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Бисмильдина Рахат Досымжановна тұлғасындағы «РАХАТ» ЖК-нен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» ШЖҚ РМК пайдасына 2262 (екі мың екі жүз алпыс екі) теңге тұрақсыздық айыбы, 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге баж салығы өндірілсін.

Бисмильдина Рахат Досымжановна тұлғасындағы «РАХАТ» ЖК-нен мемлекет кірісіне 68 (алпыс сегіз) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.М. Утегенова

Документ подписан: Утегенова А. М., 24.11.2023

Дата вступления в законную силу: 10.01.2024, судья Утегенова А. М., 19.01.2024

7119-23-3-1/12850